

3 сабақ

Кешенді географиялық аймақтандыру

Сабақ мақсаты:

10.6.1.2 дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну

§50-51 167-171 бет

<https://mektap.kz/3ca7>



<http://bagazhnaniy.ru/geography/sovremennye-podxody-k-vydeleniyu-regionov-mira>



Аймақтарды жіктеу

Жүйелік тұрғыда


- Табиғи кешен;
- Әлеуметтік-экономикалық кешен

Әкімшілік-аумақтық тұрғыда

- Әкімшілік шекаралар

Экономикалық тұрғыда

- Аумақтың шаруашылық мамандануы
- Әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық біртұтастығы





Физикалық-географиялық аудандастыру

аймақтық
(белдеулер,
аймақтар мен кіші
аймақтар)

азоналды
(физикалық-
географиялық елдер,
облыстар,
провинциялар,
аудандар, шатқалдар,
фациялар)

Салалық
(жер бедері,
климат, топырақ,
т.б. бойынша)

кешенді

Физикалық-географиялық – ішкі біртұтастық пен табиғаттың өзіндік жеке ерекшеліктеріне ие табиғи аймақтар жүйесін анықтау мен зерттеуге негізделген жер бетін аумақтық бөлу жүйесі.

**Макроаймақтар –
континенттер жатады**

**Аустралия және
мұхиттық аралдар**

Азия

Еуропа

Африка

Америка

Мезоаймақтар – табиғаты, тарихи-мәдени даму сипаты және тағы басқа ішкі ерекшеліктері негізінді ажыратылатын аймақтар. Мысалы: Оңтүстік-Батыс Азия, Шығыс Азия, Солтүстік Еуропа т.б

Аймақшалар –

- 1) Географиялық орны, яғни ежелден бері аумақтарды бір-бірінен бөліп тұрған табиғи шекараның болуы;
- 2) Табиғат жағдайлары мен ресурстарының әртүрлілігі;
- 3) Экономикалық даму стратегиясының әркелкілігі


БҰҰ макрогеографиялық аймақтары.



Субконтинентальді деңгейі макроаймақтардан тұрады: Шетелдік Европа, Оңтүстік Азия, Оңтүстік –Шығыс Азия, Орталық Африка, Солтүстік Америка және т.б.

Субаймақтар– бұл макроаймақтардың ірі бөліктері. Мысалы **Латын Америкасын** мынадай субаймақтарға бөлеміз: Мезоамерика немесе Орталық Америка (кұрамында Мексика, Орталық Америка мен Вест-Индия аралдарының елдері), Анд елдері (Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия, Чили), Ла-плато елдері немесе Атлант жағалауы елдері (Аргентина, Уругвай, Парагвай, Бразилия). Соңғы кезде жаңа атау да пайда болған: Оңтүстік конус елдері (Аргентина, Уругвай, Парагвай, Чили).

Ал **Латын Америка** атауы осы аймақта тарихи орын тепкен роман тіл әулетінің (латын тілді) халқы – испандар мен португалдардың орналасуымен таралған. Қазіргі терминологияда Кариб елдері деген атауды да кездестіруге болады, себебі ол мемлекеттер латын тілді емес .



- Юго-Западная Азия
- Южная Азия
- Юго-Восточная Азия
- Центральная Азия
- Восточная Азия

Азияны 4 аймаққа бөледі; ауданы-44 млн км² . 40-қа жуық мемлекет орналасқан. Саяси картасының қалыптасу кезеңдері Азия-екі жарты шарда бірдей орналасқан ең үлкен дүние бөлігі. Азия-"көшпенді өркениет" бесігі.

1.Оңтүстік-Батыс Азия : құрамына 17 ел енетін тарихи қалыптасқан аймақ, түгелімен Таяу ж/е Орта Шығыс деп аталатын тарихи-мәдени облысқа енеді. Аймақтың үш дүние бөлігі тоғысқан жерде орналасуы, аса маңызды халықаралық су жолдарының тоғысында жатуы және көпшілік аумағының мұнай қорына бай болуы бұл топтағы елдердің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтаушы басты факторға айналды. Суэц каналының іске қосылуы және Берлин-Бағдад теміржолының салынуы аймақтың геосаяси жағдайын нығайта түсті. Аймақ құрамындағы елдердің мемлекеттік құрылысы мен басқару формасы әртүрлі. *Республикалар:* Грузия, Израиль, Ирак, иран, Йемен, Ливан, Кипр, Сирия, Түркия, Ауғанстан. *Конституциялық монархиялар:* Иордания. *Абсолютті монархия:* Бахрейн, Катар, Кувейт, БАӘ, Оман, Сауд Арабиясы

2. Оңтүстік Азия-Гималай тауынан оңтүстікке қарай орналасқан 9 елді қамтиды. Аумағы жөнінен Жер шарының бар болғаны 4%-ын ғана алып жатқан бұл аймақта адамзаттың 1/5 бөлігі, яғни 1,5 млрд.-тан астам халық тұрады. Аймақтың Үнді мұхиты жағалауында орналасуы мұндағы елдердің мемлекетаралық сауда қатынастарына еркін енуіне жағдай жасаған. Қазіргі кезде бұл жағалау Еуропа мен Африканы Азия елдерімен және Аустралиямен байланыстыратын халықаралық қатынас жолдары өтеді. Мемлекеттік құрылысы мен басқару формасы бойынша: *Республикалар*: Үндістан, Пәкстан, Бангладеш, Шри-Ланка, Мальдив, Непал. *Конституциялық монархия*:
Бутан,
Камбоджа, Лаос,

3. Оңтүстік-Шығыс Азия: Үндіқытай мен Малай топаралында (архипелаг) орналасқан 10 ел енеді. *Республикалар*: Вьетнам, Индонезия, Лаос, Мьянма, Сингапур, Филиппин. *Абсолюттік монархия*: Бруней, *Конституциялық монархия*: Малайзия, Таиланд, Камбоджа

4. Орталық және Шығыс Азия : Жапония, КХДР, Қытай, Тайвань, Корея Республикасы, Моңғолия енеді. Сонымен қатар Қытайдың арнайы әкімшілік аудандары болып есептелетін Сянган (Гонконг) пен Аомынь (Макао) да осы аймақта орналасқан.



Латын Америкасын мынадай субаймақтарға бөлеміз:

- Мезоамерика немесе Орталық Америка (құрамында Мексика, Орталық Америка мен Вест-Индия аралдарының елдері),
- Анд елдері (Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Перу, Боливия, Чили),
- Ла-плато елдері немесе Атлант жағалауы елдері (Аргентина, Уругвай, Парагвай, Бразилия). Соңғы кезде жаңа атау да пайда болған: Оңтүстік конус елдері (Аргентина, Уругвай, Парагвай, Чили).



Европа - негізінен тарихи екі субаймаққа бөлеміз: Батыс және Шығыс Европа. Батыс Европаға 24 мемлекет кіреді. Оған микромемлекеттер де қосылады. Ауданы 3,7 млн. км² және халқы 390 млн. адам. бұл мемлекеттердің барлығы капиталистік елдер. Ал енді Орталық Шығыс Европаға 16 ел (ауданы 1,7 млн. км² халқы 130 млн. адам) кіреді. Бұл мемлекеттердің 80-ші жылдардан кейін нарықтық экономикаға көшкен постсоциализм елдері.

Сәйкесінше:

Батыс Европаны 4 аймаққа бөледі;

- Солтүстік Европа : Скандинавия елдері, Дания, Финляндия, Балтық елдері
- Оңтүстік Европа – Жерорта жағалауы елдері,
- Батыс Европа: ФРГ, Франция, Ұлыбритания, Австрия, Бельгия, Швейцария
- Шығыс Европа: Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния и Болгария



Солтүстік Америкаға – АҚШ пен Канада кіреді

Африка 2 субаймаққа бөлінеді:
Солтүстік немесе араб Африкасы
Оңтүстік Африка

Кестені толтыр. ТГА (Тарихи-географиялық аймақ)

Тарихи-географиялық аймақтар	ТГА-қа кіретін елдер	Тарихи-географиялық ерекшеліктері

Рефлексия

Мен сабақта білдім ...

Менің ұсынысым....